

Азаматтық хал актілері жазбаларын жою

Қызметті беруші	Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары
Қызметті алушылар	жеке тұлғалар
Қызмет көрсету орны	1) Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың ЖАО, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері; 2) Мемлекеттік корпорация арқылы; 3) "электрондық үкіметтің" веб-порталы
Қызметті көрсету мерзімдері	Өтінішті қарау мерзімі - 3 (үш) жұмыс күні; азаматтық ортақ акт жазбасының күшін жою үшін негіз болып табылатын АХАЖ АЖ-да акт жазбалары болмаған кезде көрсетілетін қызметті алушыны 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде хабардар ете отырып, көрсетілетін қызметті көрсету мерзімі күнтізбелік 15 (он бес) күннен аспайтын мерзімге ұзартылады (Мемлекеттік корпорация арқылы түскен өтінішті қарау мерзімі ұзартылған кезде көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін Мемлекеттік корпорацияға жібереді.); портал арқылы берген кезде - өтініштің қабылданғанын растау және азаматтық хал актілері жазбасының күшін жою күнін белгілеу туралы хабарлама 1 (бір) жұмыс күні ішінде жеке кабинетке жіберіледі
Қызмет құны	тегін
Құжаттар тізбесі	1) Акт жазбаны жою үшін: 1) өтініш;; 2) жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін); 3) жойылуға жататын акт жазбасы негізінде берілген куәліктер (болған жағдайда); 4) азаматтық хал актілері жазбасының күшін жою қажеттілігін растайтын құжат (бар болса); 5) көрсетілетін қызметті алушының өкілі жүгінген жағдайда нотариалды куәландырылған сенімхат; Занды күшіне енген сот шешімінің негізінде мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушы: 1) осы Қағидаларға 34-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сот шешімі негізінде акт жазбасының күшін жою туралы өтініш;

2) көрсетілетін қызметті алушының жеке куәлігі (жеке басын сәйкестендіру үшін));
3) күші жойылуға жататын акт жазбасын көрсете отырып, соттың күшін жою туралы, акт жазбасын анықтау не мемлекеттік тіркеу туралы бұрын шығарылған сот шешімінің күшін жою туралы, акт жазбасын жарамсыз деп тану туралы заңды күшіне енген шешімі туралы мәліметтер.

Қызмет көрсету нәтижесі

1) 1) мүдделі адамдардың өтініші бойынша, сондай – ақ, сот шешімі негізінде азаматтық хал актілері жазбасының күші жойылған кезде - азаматтық хал актілері жазбасының күшін жою туралы тіркеуші органның жауабы;
2) әкелікті анықтау, бала асырап алу туралы (бастапқы жеке сәйкестендіру нөмірін қалпына келтіре отырып), атын, тегін және әкесінің атын өзгерту туралы акт жазбаларының күші жойылған кезде - бастапқы деректері бар туу туралы қайталама куәлік, қажет болған жағдайда туу туралы анықтама;
3) некені (ерл- зайыптылықты) бұзу туралы акт жазбасының күші жойылған кезде-тиісті неке қию (ерл- зайыптылық) туралы куәлік;
4) мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде, портал арқылы өтініш берген кезде азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы анықтама, тіркеуші органның азаматтық хал актілері жазбасының күшін жою туралы жауабы немесе дәлелді бас тарту электрондық түрде жіберіледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020757>